

**"Қазақтелеком" АҚ-тың қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін ұсынуға арналған айрықша құқығының мерзімінен бұрын күшін жою жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 қыркүйектегі N 925 Қаулысы

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 ақпандағы N 168 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының қалааралық, халықаралық байланыс қызметтер көрсетуін ұсынуға және телекоммуникациялар саласына экономикалық талдау жүргізуге айрықша құқығының мерзімінен бұрын күшін жоюға байланысты мәселелерді реттеу бойынша ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 тамыздағы N 184-ө өкімімен құрылған Қоғамның қалааралық, халықаралық байланыс қызметтерін ұсынуға және телекоммуникациялар саласына экономикалық талдау жүргізуге айрықша құқығының мерзімінен бұрын күшін жоюға байланысты мәселелерді реттеу бойынша ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы Қоғамның қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтер көрсетуін ұсынуға айрықша құқығының жойылатынын ескере отырып, "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының акцияларын сату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы N 922 қаулысымен мақұлданған 1997 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "DAEWOO" корпорациясы арасындағы Акцияларды сатып алу-сату туралы келісім бойынша (бұдан әрі - Келісім) тараптардың міндеттемелерін белгілейтін мәселелерді әзірлесін.

2. Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Қоғамның қалааралық және халықаралық телефон байланысы саласындағы айрықша құқығының жойылуына қатысты Қоғамның 2004 жылғы 28 мамырдағы АБА N 000001 лицензиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігімен бірлесіп, "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін ұсынуға айрықша құқығының күшін жоюды көздейтін Келісімнің қолданысын тоқтату жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 қыркүйектегі N 1091 қаулысы ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 қыркүйектегі N 1091 қаулысына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 3 ақпандағы N 73 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 120 қаулысы ;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 120 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 қазандағы N 1104 қаулысы .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*